

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 28 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау туралы.

Бұл мәселе бойынша Президенттің тиісті ұсынымы Сенатқа келіп түсті.

Слово для оглашения представления Президента предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Республики Казахстан Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Главой государства на ваше рассмотрение внесено представление об избрании на должность судьи Верховного Суда Маукен Еркеш – судьи Карагандинского областного суда.

Стаж судейской работы составляет более 22 лет, судья имеет высокий уровень профессиональной квалификации и большой опыт рассмотрения уголовных дел. Пользуется авторитетом в судейском сообществе, подготовлена к ответственной работе судьи Верховного Суда.

Уважаемые депутаты, прошу поддержать представление Главы государства об избрании Маукен Еркеш на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Ұсынылған кандидатура Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде алдын ала талқыланды.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз комитет төрағасы Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, на своем заседании обсудив предложенную Президентом Республики Казахстан кандидатуру к избранию на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключение.

На основании представления Президента Республики Казахстан, в соответствии с подпунктом 1) статьи 55, пунктом 1 статьи 82 Конституции и пунктом 1 статьи 31 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента избрать Маукен Еркеш на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық.

Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Еркеш Мәукенді Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті сенаторлар! Жоғарғы Сот судьясы қызметіне алғаш рет сайланған адам ант беруі керек.

Ант беру үшін мінбеге жаңадан сайланған Жоғарғы Сот судьясы Еркеш Мәукен шақырылады.

МӘУКЕН Е. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Еркеш Мәукенқызы, қызметіңіз құтты болсын. Жауапты міндетті абыроймен атқарасыз деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Сенат тағайындаған мүшесінің өкілеттігін тоқтату және оны лауазымнан босату туралы.

Конституциялық нормаларға сәйкес Есеп комитеті мүшесінің өкілеттік мерзімі 5 жыл.

2017 жылы 29 маусымда Есеп комитетінің мүшесі болып Сенаттан Ахметов Рашит Сайранұлы тағайындалған болатын.

Рашит Сайранұлының өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты Сенат Регламентінің 81-1-тармағына сәйкес Бюроның шешімімен Қаржы және бюджет комитеті өзінің қорытындысын әзірледі.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз комитет төрағасы Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қаржы және бюджет комитеті 2022 жылғы 29 маусымда Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі Ахметов Рашит Сайранұлының өкілетті конституциялық мерзімі аяқталуына байланысты төмендегідей ұсыныс енгізеді.

Ахметов Рашит Сайранұлы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен 2017 жылғы 29 маусымнан бастап Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі болып тағайындалды.

Есеп комитетінде жұмыс істеген уақытта өзін білікті қызметкер, мемлекеттік мүддені жоғары қоятын жауапкершілігі мол, адал азамат ретінде көрсете білді.

Қаржы және бюджет комитеті Сенат Регламентінің 81-1-тармағын басшылыққа ала отырып, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Сенат тағайындаған мүшесі Ахметов Рашит Сайранұлының өкілеттігін тоқтатуды және қызметінен босатуды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серікбай Өтелгенұлы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше шешім қабылдайық.

Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Сенат тағайындаған мүшесі Рашит Сайранұлы Ахметовтің өкілеттігін тоқтату және лауазымнан босату жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Рашит Сайранұлы Есеп комитетінің мүшесі қызметін абыроймен атқарды, оны бәріміз білеміз. Сол үшін алғысымызды білдіреміз.

Алдағы уақытта да ел игілігі жолында табысты еңбек етеді деп сенеміз.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі екі мәселе бір-бірімен байланысты. Бас комитет бұл заң жобаларын бірге қарауды ұсынып отыр.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда бірге қараймыз.

Бұл заң жобаларына Парламент депутаттары бастамашылдық жасады.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылғандар! Сіздердің қарауларыңызға бір-бірімен тығыз байланыстағы екі заң жобасы ұсынылады:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Заң жобаларының басты мақсаттары қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, сонымен қатар аталған саладағы ұлттық заңнамалық жүйені нығайтуға бағытталған.

Заң жобасын дайындау барысында ФАТФ халықаралық стандарттарының ұсыныстары ерекше талданды. Себебі:

біріншіден, Біріккен Ұлтар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің №1617 қарарына сәйкес ФАТФ ұсынымдарын орындау Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысушы барлық елдер үшін міндетті болып табылады;

екіншіден, өздеріңізге мәлім болғандай, ағымдағы жылы Қазақстан кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың бағалауынан өтуі тиіс. Ол топтың көшпелі іс-шарасы елімізде ағымдағы жылдың күз айларында өтеді деп күтілуде.

Сондықтан ұлттық заңнамаларға ФАТФ халықаралық стандарттарынан туындайтын негізгі толықтырулар енгізілген.

Осыған байланысты қолданыстағы 12 заң мен 4 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп заң жобалары өздеріңізге ұсынылып отыр.

Заң жобаларындағы негізгі деген келесі өзгерістер мен толықтыруларды баяндауға рұқсат етіңіздер.

Біріншіден, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға құрмайтын трасттарға және басқа да корпоративтік құрылымдарға жауапкершілік енгізілді. Себебі бүгінгі таңда еліміздегі қолданыстағы заңнамалар трасттарды құруға мүмкіндік бермейді, бірақ қаржы мониторингі субъектілеріне және шетелдік трасттарға қаржылық қызметтер көрсетуге тыйым салмайды. Сондықтан ол өзгертулер «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына енгізілді.

Екіншіден, қылмыстық кірістерді жылыстатқаны үшін заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігін енгізу ұсынылып отыр. Себебі заңды тұлғалар қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері бола алмайды. Соған байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 62, 214, 684 және 722-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, 214-бапқа қосымша бөлім енгізіліп, онда айыппұл мөлшері белгіленді. Заң жобасына сәйкес уақытылы ақпарат бермегені үшін кіші кәсіпкерлік субъектілер мен коммерциялық емес ұйымдарға 80, орта кәсіпкерлікке 200, үлкен кәсіпкерлікке 300 айлық көрсеткіш көлемінде айыппұл салынатын болады.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің құрамдарының санкцияларында мүлікті тәркілеу тізімі де қайта қаралады. Мысалы, аталған кодекстің 218-бабына бірнеше толықтыру енгізілді. Соның бірін атап айтатын болсақ, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жасырып, оны айналымға кіргізгені үшін (үшінші бөлікте) 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырып, мүліктерді тәркілеу сияқты өзгертулер енгізілді. Ал

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 214-бабына ынталандыруға әкелетін толықтыру бөлігі де енгізілді. Атап айтқанда, егер заңды тұлға тиісті әкімшілік құқық бұзушылық туралы өз еркімен хабарлаған болса оны жауапкершіліктен босату мүмкіндігі қарастырылған.

Үшіншіден, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаларда заңды тұлғалар үшін қажетті деген жауапкершілік белгіленді. Мысалы, оларға өзінің бенефициарлық меншік иесін анықтау жөніндегі шараларды қабылдау, олар туралы мәліметтерді тіркеу, сақтау және уәкілетті органдарға қажетті ақпаратты ұсыну тәртібін белгілейтін ережелерді көздеу ұсынылады.

Төртіншіден, терроризмді қаржыландыруға қатысы бар адамдарды және терроризмге әрекет ететін адамдарға тыйым салу шараларын қолданатын өзгертулер енгізілді.

Заң жобасында қаржы мониторингі органдарының лауазымды адамдарына тиісті әкімшілік құқық бұзушылық хаттамаларын толтыру өкілеттігі берілді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 684-бабына сәйкес соттарға істерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік де берілді.

Тұтастай алғанда заң жобаларын қабылдау және оны іске асыру ұлттық қаржы жүйесінің қауіпсіздігін арттыруға ықпал ететін болады. Заң жобалары теріс әлеуметтік және құқықтық салдарға әкеліп соқпайды.

Құрметті әріптестер, жоғарыдағы айтылғандардың негізінде ұсынылған заң жобаларына қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован представителю Агентства по финансовому мониторингу.

Законопроектом предлагается предусмотреть механизмы по выявлению бенефициарных собственников юридических лиц, о чем сейчас говорили. Один из таких механизмов будет налагать обязательство на юридических лиц раскрывать своих бенефициарных собственников.

В этой связи вопросы. Не будет ли такое обязательство мешать юридическим лицам в осуществлении своей деятельности? Нет ли других механизмов по выявлению бенефициарных собственников? Не приведет ли это к дополнительному давлению на бизнес? Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Садырбеков Ғабит Амангелдіұлы, жауап беріңіз.

САДЫРБЕКОВ Ғ.А. Спасибо за вопросы.

Считаем, что предлагаемая мера не вызовет дополнительной нагрузки на бизнес. Почему? Потому что на сегодняшний день юридические лица и без этого обладают информацией о своих бенефициарных собственниках. По принятии проекта закона им надо будет первично зафиксировать своих бенефициарных собственников и далее поддерживать актуальную информацию. И по запросу уполномоченного органа они должны предоставлять эту информацию.

Помимо этого, есть заключения НПП «Атамекен» и Министерства национальной экономики. Поэтому считаем, что здесь не будет давления на бизнес. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Екі заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы үкіметаралық орган болып табылатындығы бәрімізге белгілі. Аталған орган ақшаны жылыстатуға, терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі құқықтық, реттеуші және жедел шаралар бойынша стандарттарды белгілеп, оларды тиімді қолдану мақсатында жәрдемдесуді көздейді.

ФАТФ ұсынымдары: 1) тәуекелдерді айқындауды, 2) саясат әзірлеуді және оларды ел ішінде үйлестіруді жүзеге асыру, 3) ақшаны жылыстатудың жолын кесу және басқа да шараларды мемлекеттер ұстануға тиіс қажетті нұсқамаларды белгілейді. Осыған байланысты Қазақстан ФАТФ-тың барлық бағыттарын ұстанады және тұрақты түрде Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамалық актілеріне сәйкес келтіріледі.

Сұлтанбек Алмасбекұлы өз баяндамасында қаралып отырған заң жобаларының барлық бағыттарын толық атап өтті.

Негізгі жаңа бағыттары бойынша тоқталсақ, олар заңды тұлғалардың өздерінің бенефициарлық меншік иелерін ашуға міндетті, алайда мұндай жауапкершіліктен жалтарғаны үшін тиісті әкімшілік жауапкершілік белгіленетін болады.

Бұл шара Қазақстан аумағындағы барлық заңды тұлғалардың қызметінде қаржы ағындарының үлкен транспаренттілігін қамтамасыз етуге және әрбір кәсіп өкілдеріне өзінің түпкі пайда алушыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жобада өзге мемлекеттің заң аясына сәйкес құрылған трастқа немесе басқа корпоративтік құрылымдарға қолдану ұсынылады.

Қазіргі таңда еліміздің нормативтік құқықтық құжаттарында мұндай корпоративтік құрылымдарды жасақтау мүмкіндігі көзделмегенін атап өту маңызды. Дегенмен англосаксондық құқықтық жүйеге жататын басқа елдерде құрылған трасттар қаржылық қызметтер көрсету үшін қазақстандық ұйымдарға жүгіне алады.

Заң қабылданған жағдайда отандық қаржы мониторинг субъектілері трасттар туралы ақпаратты толыққанды жинауға міндетті болады.

Қазіргі уақытта қылмыстық кірістерді кешенді күрес жағдайларында жылыстатуға және қылмыстық жолмен алынған табыстарды, шетелге заңсыз шығарылған капиталды қайтару мемлекеттің мүмкіндігіне сай келмейтін әрекет болып табылады. Бұл Қылмыстық кодекстің 218-бабының жекелеген құрамдарының ауырлығы бойынша орташа құқық бұзушылық болып есептелуінен туындайды.

Осыған байланысты қылмыстық құралдарды заңдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтіледі және ФАТФ ұсынымдарымен айқындалған бірқатар қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін мүлкті тәркілеу түріндегі жаза қолданылады. Сондай-ақ қылмыстық жолмен табылған кірістерді жылыстатқаны үшін заңды тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік белгіленеді.

Жаңа тәсіл қылмыстық кірістерді жылыстату мақсатында тиісті ұйымды пайдаланғысы келетін жосықсыз қызметкерлерді өз бетінше анықтау үшін заңды тұлғаларға ынталандырушы фактор болады.

Ұсынылып отырған заң жобаларын қабылдау Қазақстанның терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Қарастырып отырған нормативтік құқықтық актілер жан-жақты талқыланып, жұмыс тобының отырыстарында, комитет және комитеттің кеңейтілген отырысында әріптестердің кей сұрақтарға қатысты көтерген сын-ескертпелерін пысықтаған болатынбыз.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобаларының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Қаржы және бюджет комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасы құқықтық саясат бағдарламасында бекітілген ұлттық заңнаманы халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға сәйкес келтіру аясында және ішкі қажеттіліктер мен елдің дамуындағы басқа да басымдықтар қоса ескеріліп, Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленді.

Жобадағы нормалар заңды тұлғалардың өздерінің бенефициарлық меншік иелерін ашу міндетін белгілеуді, терроризмді қаржыландырумен байланысы бар ұйымдар мен кейбір тұлғалардың қаражат пен өзге де активтерін тоқтатуды, олардың қылмыстық жолмен жинаған қаражаттарын заңдастырғаны үшін жауапкершілігін күшейтуді және қылмыстық жазасын белгілеуді көздейді.

Террористік әрекет ұғымын кеңейту мақсатында қолданыстағы заң ережелерін Қылмыстық кодекстің ережелеріне сәйкестендіру бағыты да қарастырылған. Бұдан басқа кейбір нормаларының редакциясын жақсарту және нақтылау бойынша түзетулер енгізілген.

Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындау Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысушы барлық елдер үшін міндетті болып табылады. Сондықтан қазіргі қоғамда және жалпы әлемде болып жатқан өзгерістерге айрықша назар аударылып дайындалған құжат еліміз үшін уақытылы және оның құқықтық нормалары тікелей нәтижелерге қол жеткізеді деп санаймын.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке екі заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға

(жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Екі заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі екі мәселе де бір-бірімен байланысты. Олар қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған заң жобалары. Сол себепті бас комитет бұл заң жобаларын бірге қарауды ұсынып отыр. Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда бірге қараймыз.

Бұл заң жобаларына да Парламент депутаттары бастамашы болды.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Проекты законов «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид» и «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид» разработаны группой депутатов Парламента в целях реализации поручений Главы государства по противодействию финансовым (инвестиционным) пирамидам.

Законопроектами предусматриваются поправки, направленные на устранение правовых пробелов, имеющих в действующем законодательстве, а также введение уголовной ответственности за рекламу финансовых (инвестиционных) пирамид.

Проектами законов предполагается:

усиление меры ответственности за создание, руководство финансовой (инвестиционной) пирамидой в виде повышения верхнего порога санкций;

установление уголовной ответственности за рекламу финансовых (инвестиционных) пирамид;

установление предварительного следствия по уголовным правонарушениям рекламы финансовой (инвестиционной) пирамиды, совершенным группой лиц, группой лиц по предварительному сговору либо неоднократно, либо лицом с использованием своего служебного положения. Оно будет производиться органами внутренних дел или службой экономических расследований, начавшими досудебное расследование;

дознание по делам об уголовных правонарушениях, таких как реклама финансовой (инвестиционной) пирамиды, проводится органами внутренних дел или службой экономических расследований, начавшими досудебное расследование;

разграничение уголовных деяний от административных правонарушений.

Поправки вносятся в Уголовный кодекс, Уголовно-процессуальный кодекс, Кодекс об административных правонарушениях и Закон «О рекламе».

Ожидаемым результатом принятия законопроектов является предупреждение деятельности по созданию финансовых (инвестиционных) пирамид. Учитывая рост ущерба, причиненного финансовыми пирамидами, ужесточение наказаний и введение уголовной ответственности за рекламу финансовых пирамид в нынешних реалиях может считаться оправданным.

На основании вышеизложенного, уважаемые коллеги, прошу поддержать озвученные законопроекты.

Доклад окончен.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергеліне беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігі мен Қаржы мониторингі агенттігінің өкілдеріне жолданады.

Заң жобасы арқылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалық схеманы жарнамалағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын жаңа 217-1- бап енгізіледі.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2019 – 2021 жылдары қаржы пирамидаларының жарнамасын жасағаны, таратқаны және орналастырғаны үшін небәрі 4 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған, ал 31 мыңнан астам адам зардап шегіп, 54 миллиард теңгеден астам шығынға ұшыраған. Осыған байланысты келесі сұрақтар туындап отыр:

1. Ірі залал болған жағдайда және жәбірленушілер саны көп бола тұра төрт адамның ғана жауапкершілікке тартылғанының себебі неде?

2. Заң жобасында енгізілген бап бойынша қаржы пирамидасын жарнамалайтын тұлғалардың әрекеті қалай сараланады? Заңсыз қаржы ұйымын жарнамалағанын саналы тұрғыда түсінбеген тұлғалар қылмыстық тергеудің шеңберіне түсе ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ішкі істер министрінің орынбасары Сәденов Ержан Сапарбекұлы, жауап беріңіз.

СӨДЕНОВ Е.С. Сәлеметсіздер ме, құрметті депутаттар!

Сұрағыңызға рақмет.

Жаңа 31 мың жәбірленуші бар, оның төртеуі ғана әкімшілік жауапкершілікке тартылған деп дұрыс айтып кеттіңіз. Оны күшейту мәселесі не себептен?

Біріншіден, қаржылық пирамиданың жарнамасын дәлелдеу бойынша қылмыстық іс қозғалып, бекітіп, одан кейін ғана тартылу керек. Соның шеңберінде аз. Қазір жарнама бойынша ұсынылып отырған өзгеріс енгізілсе, онда осының бәрі ретке келеді.

Екінші сұрағыңызға келсек, ұсынылып отырған заң жобасын дайындаушылар екі ай мерзім ұсынып отыр. Осы екі ай мерзім ішінде біз халыққа жеткізу үшін үлкен жұмыс істейміз. Екі ай мерзімнен кейін заң күшіне енген соң жауапқа тартылатын болады, ал екі ай мерзімде жауапқа тартылмайтын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары Елемесов Жеңіс Фарахатұлы, сіз жауап беріңіз.

ЕЛЕМЕСОВ Ж.Ф. Жаңа айтқан әкімшілік жауапкершілікке тартылған төртеу тек әкімшілік жауаптылар, одан бөлек тек қана біздің орган арқылы 38 қаржылық пирамида анықталған, оның 31-і жойылған, 2800 адам болған, 6,5 миллиард теңге залал келтірген.

Арнаулы терминдер болғандықтан екінші сұраққа орысша жауап берейін.

По второму вопросу. Как вам известно, для привлечения к уголовной ответственности необходимо наличие состава преступления, который состоит из четырех элементов. Основным элементом, субъективной стороной состава преступления является именно умысел, который может выражаться как прямой умысел, так и косвенный умысел. В случае если органом досудебного расследования в ходе расследования будет доказано наличие их умысла, только в этом случае они будут привлекаться к уголовной ответственности. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Андрей Иванович, присаживайтесь.

Екі заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобалары Мемлекет басшысының 2021 жылғы Жолдауындағы қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлеу жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген.

Ұсынылған заң жобаларының мақсаты қаржылық (инвестициялық) пирамидаларды құру және басқару, жарнаманы дайындағаны, таратқаны және орналастырғаны үшін жауапкершілікке тартуға кедергі келтіретін құқықтық олқылықтарды жойып, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтың аражігін нақты ажырату болып табылады. Осылайша жауапкершілік қатаңдатылып, қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру арқылы азаматтардың мүліктік құқықтары және қаржылық алаяқтықтан қорғалу деңгейі артатын болады.

Ресми мәліметтерге сәйкес қаржы пирамидаларының саны 2019 жылы 24 ғана болса, 2020 жылы 180-ге жеткен. Ал 2021 жылы және 2022 жылдың бес айында барлығы 225 заңсыз қаржы пирамидасы анықталып, құқық қорғау органдары тарапынан 425 қылмыстық іс қозғалған, барлығы 158 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 53 адам сотты болған.

Осы ретте заңсыз әрекеттердің салдарынан азаматтардың әлеуметтік әлсіз топтарына залал келтіріліп, қоғамда наразылық тудырғанын атап өту қажет. Бұл ретте азаматтарымыздың құқықтық, қаржылық сауаттылығының төмендігімен қоса қаржы пирамидаларының заңсыз жұмысын елге танымал өнер адамдары мен блогер-вайнерлердің жарнамалауының да себебі болғанын атап айту керек.

Аталған заң жобаларында қаржылық (инвестициялық) пирамидаларға жарнама жасағаны үшін Қылмыстық кодексті жаңа баппен толықтыру ұсынылады. Жаңа нормаға сәйкес қаржылық (инвестициялық) пирамидаларды жарнамалағаны үшін айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Заң жобаларын қабылдау қаржылық (инвестициялық) пирамидаларды жарнамалауға қатысқан адамдардың жауапкершілік дәрежесін анықтауға, жасалған құқық бұзушылыққа мөлшерлес жазаға тартуға мүмкіндік береді және азаматтардың құқықтық қорғалуын толыққанды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ететін болады.

Заң жобалары бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отырыстары өткізіліп, талқыланды.

Комитет мүшелерінен және Сенаттың комитеттерінен заң жобалары бойынша өзгертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыдағы баяндалғанды ескере отырып Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды күшейту және қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың

қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ұсынылған заң жобалары қолданыстағы заңнама нормаларын қаржылық алаяқтықпен күрестегі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келтіру, оларды құру және басқару үшін жауапкершілікті күшейту, құқық бұзушылық субъектілерінің әрекеттерінен азаматтарды қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленген.

Заң жобаларын қабылдау азаматтардың мүліктік құқықтарын қорғауға, құқық бұзушылардың қаржы пирамидаларын жарнамалауға байланысты іс-әрекеттерін нақты саралауға мүмкіндік береді.

Ұсынылған заң жобаларының негізгі міндеттерінің бірі қылмыстық іс-әрекетті әкімшілік құқық бұзушылықтан ажырату болып табылады.

Заң жобаларын қабылдау азаматтарды заңсыз қаржылық және инвестициялық жобаларға тартудан қорғауды күшейтеді.

Аталған заң жобалары қоғамды алаңдатқан маңызды мәселені шешеді, тиімді құқықтық тетікті құра отырып, заңсыз қаржылық жобаларға тоқтау қояды.

Заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын.

Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке екі заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение двух проектов законов Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид» и «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид» для рассмотрения во втором чтении.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Екі заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Бұл мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлына беріледі.

МУСИН Б.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға ұсынылған заң жобасы қала мен ауыл тұрғындарының цифрлық теңсіздігін қысқарту, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде азаматтар мен бизнес үшін шығындарды төмендету, қабылданатын басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру, мемлекеттік органдардың қайталанатын және артық функцияларын қысқарту, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді қаржыландыруға арналған бюджеттік шығыстарды оңтайландыру және басқа да мәселелерді қамту мақсатында әзірленді.

Заң жобасында Мемлекет басшысының биылғы жылы бастамашылық еткен мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселесі бойынша заңнамалық шешімдер де ұсынылған.

Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін, ашықтығын және жеделдігін арттырудың басты шарты болып табылады. Бұл ең аз шығындармен ең тиімді процесс ретінде цифрлық реинжинирингті енгізуді қамтиды.

Ұсынылып отырған тәсілдер қолданыстағы бизнес-процестерді қарапайым автоматтандырудан бастап сапалы қайта жобалауға көшу үшін қажетті заңнамалық базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның мемлекеттік секторында түрлі платформалар мен бағдарламалық шешімдердің негізінде әзірленген 400-ге жуық ақпараттық жүйе жұмыс істейтінін білесіздер. Осыған байланысты заң жобасымен «электрондық үкіметтің» бірыңғай архитектурасы енгізілуде, ол қазіргі бытыраңқылықты жояды. Өйткені жаһандық цифрландыру дәуірінде деректерді пайдалану ақпараттың сапасын, болжамды аналитиканың тиімділігін арттырудың, бизнес-процестерді трансформациялау мен цифрландырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі көптеген деректерді пайдалану, өңдеу үшін бірыңғай тәсіл жоқ болғандықтан көп уақыт пен ресурстар жұмсалады.

Заң жобасында деректерді басқару жөніндегі талаптарды бекіту арқылы бірыңғай тәсілді іске асыру ұсынылады. Сондай-ақ тиісті уәкілетті орган енгізіледі, ол деректерді басқару және иелену бойынша бірыңғай талаптарды жасайды. Бюджет есебінен құрылатын жүйелердегі деректер мемлекеттік деректер болып саналады. Бұл ретте азаматтардың дербес деректерін қорғауды күшейту мақсатында ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесі кеңейтіледі, бұл дербес деректерді жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыратын ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарды арттыруға мүмкіндік береді.

Заманның талабы бойынша азаматтардың көбі мемлекеттік қызметтерді алу немесе басқа да міндеттерді шешу үшін мобильдік сервистерді пайдаланғысы келеді.

Өткен жылдан бастап «eGov mobile» мобильдік қосымшасында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен қажетті ақпаратты алу арқылы еліміздің азаматтарына қағаз құжаттың электрондық нұсқасын жасауға мүмкіндік беретін цифрлық құжаттар сервисі іске қосылды. Сондықтан мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзара іс-қимыл жасаумен ғана шектелмей, цифрлық құжаттар сервисін қолдану аясын кеңейтудің маңызы зор. Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін кодификацияланған акт деңгейінде электрондық құжаттардың қағаздағы баламаларына тең дәрежелілігін бекітуді қамтамасыз ету ұсынылып отыр.

Ұсынылып отырған түзетулер азаматтарға құжаттардың цифрлық нұсқаларын толыққанды және тең дәрежеде пайдалану құқығын қамтамасыз етеді. Бұдан басқа заңнамалық деңгейде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтер бойынша азаматтар мен бизнестен құжаттарды ұсынуды талап етуге тыйым салу ұсынылады. Сондай-ақ азаматтар кез келген уақытта азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласындағы куәліктердің электрондық нұсқасын басып шығара алады немесе ұсына алады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді алу үшін ауылдық елді мекендердің тұрғындарының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері бар аудан орталықтарына немесе қалаларға бару үшін біраз уақыт пен ақшаны жұмсауына тура келеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында немесе мемлекеттік органдарға электрондық өтініштер жолдау мақсатында заң жобасында

Ұлттық пошта операторының пошта желісі базасында цифрлық нүктелер құру ұсынылып отыр. Цифрлық нүктелер – бұл ауыл тұрғындарына интернетке қолжетімді компьютерлік, ұйымдастырушылық техникамен жабдықталған орын. Мұндай цифрлық нүктелер «Қазпошта» АҚ-ның 2 мың ауылдық бөлімшелерінде ашылатын болады.

Халықты интернетпен қамтуды қамтамасыз ету мерзімдерін қысқарту мақсатында электр беру желілерінің тіректеріне байланыс желілерін орналастыру мүмкіндігі заңнамалық деңгейде бекітілетін болады.

Жерге немесе кәрізге кабель төсеу әдісімен ұйымдастырылған желілермен салыстырғанда электр желілерінің тіректеріндегі байланыс желілері бірқатар артықшылықтарға ие болады. Бұл қажетті инфрақұрылымды салу үшін жер учаскелерін қосымша бөлуде уақытты үнемдеуге өз ықпалын тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда еңбек нарығында білікті IT-кадрлардың тапшылығы байқалады. Бұл жалпы әлемдік үрдіс екенін айта кету керек. Бұл ретте бүкіл әлем бойынша, оның ішінде Қазақстанда да білікті бағдарламашыларға (программистерге) сұраныс күн сайын артып келеді.

Мемлекет басшысы 2025 жылға қарай кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлау міндетін қойды. Осыған байланысты «Астана Хаб» технопаркінің базасында жас және талантты студенттердің IT-мектептерінде оқуын субсидиялау үшін гранттар, яғни ваучерлер беру жобасын іске қосу жоспарланып отыр. Осы жоба шеңберінде 2025 жылдың соңына дейін осындай IT-мектептер арқылы кемінде 20 мың білікті IT-маман дайындау жоспарлануда.

Мемлекеттік басқару салаларын цифрландыру шеңберінде электрондық түрде көмірсутек шикізаты бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге аукциондар өткізу тәртібін, мұнай өнімдері базаларын есепке алуды бақылау аспаптарымен жарақтандыру міндеттілігін қайта қарау ұсынылады.

Алқабилерге кандидаттардың тізімдерін қалыптастыру процесін автоматтандыру ұсынылады. Қолмен іріктеу өз тиімділігін көрсеткен жоқ, өйткені сотталушылар, қайтыс болғандар, аймақтан тыс жерлерге кеткендер және тағы басқа жалған тізімдер бар болғандықтан көптеген сұраулар мен салыстырулар жүргізу қажет.

Кешенді және басқа да білім беру саласындағы тестілеудің түрлерінен олардың электрондық форматқа көшуіне байланысты құпиялылық белгісін алып тастау ұсынылады.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы азаматтар мен бизнес үшін қолайлы және қауіпсіз цифрлық орта құруға, мемлекеттік аппаратты «цифрлық» жаңартуға бағытталған.

Сіздерден заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Менің сұрағым Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлына.

Қаралып отырған заң жобасында цифрлық құжаттар сервисінің қолданылу саласын кеңейту, ауылдық елді мекендердегі халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуы үшін цифрлық нүктелер ашу, азаматтық актілерді мемлекеттік тіркеу саласындағы куәліктерді электрондық форматқа ауыстыру, алқабилерге кандидаттарды іріктеу процесін автоматтандыру және басқа да мәселелерге қатысты түзетулер көзделіп отыр. Алайда мұндай цифрландыру өмірді күрделендіріп жібермей ме?!

Цифрландыру мәселесі Сенат қабырғасында бірнеше рет көтерілді және депутаттық корпустың әрдайым ерекше бақылауында. Сонымен қатар осы уақытқа дейін ауылдық елді мекендерді интернетпен қамту мәселесі әлі де өз өзектілігін жойған жоқ. Өйткені интернетке қол жеткізу проблемалары ауылдық елді мекендерді есептемегенде, тіпті қалалардың өзінде де шешімін таппай отыр.

Осындай нормаларды енгізумен қатар цифрландыру процесінің қажетті құрамдас бөлігі ретінде сапалы интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. Осыған орай менің сұрағым:

Ұсынылып отырған жаңа тәсілдер ауылдарда қалай жүзеге асырылатын болады?

Бүгінде ауылдық елді мекендерді интернетпен қамтамасыз етудің жағдайы қай дәрежеде және министрлік тарапынан осы бағытта қандай шаралар қабылданып жатыр? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Құрметті Динар Жүсіпәліқызы, сұрағыңызға рақмет. Бұл өте өзекті мәселе. Цифрлық теңсіздік деген бар, осыны әрі қарай төмендету керек, ол біздің ерекше назарымызда.

Айта кететін болсақ, «Қазпошта» АҚ-ның ауылдық мекендердегі бөлімшелерінде спутник арқылы интернет жеткізіп, цифрлық нүктелер ашып, «Қазпошта» АҚ-ның адамдарын арнайы жаттығудан өткізіп, цифрландыру бойынша білім деңгейін арттырумен сол цифрлық нүкте арқылы цифрлық құжаттарды қалай пайдалану керек, цифрлық технологияларды қалай пайдалану керек, сол жерден барлығын біліп, сол жерден де қолдана алады. Бұл біріншісі.

Ал екіншісі, өзіңіз айтып кеткендей, ауылдық жердегі интернет сапасы және интернеттің жоқтығы. Бүгінгі таңдағы статистикаға сүйенсек, шамамен 6300 ауылдың 4800-ден астамы интернетке әртүрлі технологиялармен қосылған. Бірақ 1500-ге жуығында интернет мүлде жоқ. Бұл ауылдық жерлерде 260-270 мыңға жуық тұрғын тұрады. Біз оларға интернетті қалай жеткіземіз?

Бірінші мәселе, 2021 жылы «Телеком» операторының ауылға баруын ынталандыру үшін олардың салық төлемдерін қысқартып, инфрақұрылымға инвестиция құюын көздедік. Бұл механизмді өздеріңіз қолдадыңыздар. Осы механизм арқылы 2022 жылдың соңына дейін шамамен 760 ауылдың интернет сапасын арттыру көзделіп отыр және жаңа ауылдарды қосу жоспарланып отыр. Осы жоспардың ішінен 500 ауылдан астамында

жұмыс орындалды деп бізге «Телеком» операторлары есеп беруде. Оған қайта тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

Екінші мәселе бақылау жүйесі. Шынында да біздің министрліктің бақылау жүйесінің инфрақұрылымы аз болғандықтан бақылау функциясы аз жүргізілді. Адамдардан шағым келген кезде біз өзіміздің арнайы комитетімізді, арнайы РМК-ны (РГП) ауылдық жерлерге жібереміз. Сол ауылдық жерлерде интернет шынында бар ма, жоқ па, әлде сапасы стандарттарға сай ма, сай емес пе, соны бекіту үшін бізде арнайы құрылғылар бар. Сол құрылғылар санын өсіру үшін біз бюджеттен осы жылы тағы да арнайы көліктер сатып алатын боламыз. Бұл біріншіден.

Екіншіден, ол бекітілсе, әлде стандарттарға сай еместігі белгілі болса, онда арнайы айыппұл белгілейміз. Сол айыппұлдарды он есе арттыру үшін арнайы заң жобасы сіздердің тараптарыңыздан мақұлданды, сіздердің қарауларыңыздан өтті. Сондықтан бұл мәселелердің біріншісі – ынталандыру, салық төлемдерін төмендету, екіншісі – біздің жақтан бақылау функциясын күшейтіп, оларды итермелеу. Сол екі механизм бойынша 2024 жылға дейін осы интернет сапасын реттеп, ауылдық жерлерге жеткізуді көздеп отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бағдат Батырбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Уважаемые депутаты! Сейчас во всем мире идет рост внедрения цифровых решений во все сферы государственного управления и частного сектора. В этой связи данный законопроект имеет особую актуальность.

Задачами законопроекта являются:

дальнейшее совершенствование государственного управления посредством цифровой трансформации и реинжиниринга;

упрощение доступа государственных органов к данным государственных информационных ресурсов;

расширение сферы применения сервиса цифровых документов, равнозначность электронных документов их бумажным аналогам;

расширение доступа к государственным услугам сельских жителей.

Основной докладчик подробно изложил основные положения законопроекта. Со своей стороны, я хотел бы обратить ваше внимание на некоторых из них.

Нормы законопроекта направлены на цифровую трансформацию государственного управления, которая позволит перейти к универсальной для всех электронной платформе, ускорить обмен информацией между государственными органами, перейти к единому управлению и координации уполномоченным органом.

Наряду с этим законопроектом предусмотрен перевод в электронный формат свидетельств в сфере государственной регистрации актов гражданского состояния с сохранением права граждан на получение бумажных аналогов.

Также предлагается передача функций государственной регистрации актов гражданского состояния от местных исполнительных органов Государственной корпорации «Правительство для граждан». Данная корпорация обладает необходимой сервисной инфраструктурой и компетенцией для оказания государственных услуг.

В соответствии с поправками, вносимыми в Закон «О государственной статистике», уполномоченный орган и органы государственной статистики наделяются дополнительными полномочиями, в том числе в части получения первичных статистических данных от государственных органов, Национального Банка и организаций.

Кодекс «О недрах и недропользовании» дополняется нормами в части введения гарантийного взноса, который станет обеспечением исполнения обязательств победителя аукциона по уплате подписного бонуса.

Законопроектом предусматривается обязательное требование для нефтебаз и автозаправочных станций по оснащению контрольными приборами учета. Головной комитет полностью поддерживает эти нормы, так как это будет способствовать снижению теневого оборота в этой сфере.

Вместе с тем следует отметить, что в рамках законопроекта не устанавливается ответственность за неисполнение указанного требования. Также есть необходимость введения должного механизма контроля за полным циклом установки и эксплуатации приборов учета.

Разработчики заверили головной комитет, что соответствующие нормы будут предусмотрены в рамках законопроекта по внесению поправок в Кодекс об административных правонарушениях и других законодательных актов.

Также вносятся ряд других поправок, обеспечивающих цифровую трансформацию государственного управления, расширение сферы применения электронных документов и институционализацию системы управления данными.

Комитетом проведено пять заседаний рабочей группы. Подробно изучены, обсуждены все нормы законопроекта.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному законопроекту не имеют.

В целом данный законопроект создаст условия для повышения эффективности цифровизации государственного управления, обеспечения прозрачности процессов оказания государственных услуг, увеличения уровня информационной безопасности.

С учетом изложенного просим поддержать в первом чтении проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам стимулирования инноваций, развития цифровизации, информационной безопасности и образования». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сағындық Есенғалиұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстанда мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау үдемелі дамып келе жатыр, 2020 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қалыптастырған «электрондық үкіметті» дамыту деңгейі бойынша Қазақстан әлемдік рейтингінде 193 елдің арасында 29-шы орынға ие болды.

Айта кету керек, бұл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы ең жоғары позиция. Алайда жаңа жаһандық трендтер бұл бағытта одан әрі дамуды талап етеді. Қаралып отырған заң жобасы осы трендке сәйкес еліміздің цифрландыру саласын жетілдіруді көздейді.

Заң жобасында бірінші кезекте қалалық және ауылдық жерлердің тұрғындарының цифрлық теңсіздігін қысқарту мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар азаматтар мен бизнес үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде шығындар азаятын болады.

Тағы бір маңызды жаңалықтардың бірі – «электрондық үкіметтің» бірыңғай архитектурасының енгізілуі. Ол барлық қолданыстағы ақпараттық жүйелерді біріктіруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа азаматтардың құжатының цифрлық нұсқаларын толыққанды және тең дәрежеде пайдалану құқығы бекітіледі.

Заң жобасына енгізілгелі отырған осындай нормаларды қабылдау Мемлекет басшысының цифрлық инфрақұрылымның қолжетімділігі мен сапасын арттыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға және Қазақстанда тиімді цифрландыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда аталған заң жобасын толықтай қолдаймын, сондай-ақ сіздерді де қолдауға шақырамын.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қарастырылып отырған заң жобасын екінші оқылымда қарауды күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша екі заң жобасын – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда бірге қараймыз.

Екі заң жобасы бойынша сөз сенатор Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобалары ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының халықаралық стандарттарды сақтау, сондай-ақ қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесін күшейту тұрғысынан оң нәтижеге ие болуы мақсатында әзірленді. Осыған байланысты заң жобалары қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша Еуразиялық топтың сарапшы-бағалаушыларының жекелеген

ескертулерін жоюға, ФАТФ-тың бірқатар ұсынымдары бойынша бағалауды арттыруға, сондай-ақ жүйені күшейтуге бағытталған.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң жобалары бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Қаржы және бюджет комитеті аталған заң жобаларын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобаларын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша екі заң жобасын – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірге екінші оқылымда қараймыз.

Екі заң жобасы бойынша сөз сенатор Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Екінші оқылымда қарауға ұсынылған заң жобаларының мақсаттары қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық еткені, жарнама жасағаны үшін жауаптылыққа тартуға кедергі болатын құқықтық олқылықтарды жойып, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтың аражігін реттеп, қылмыстық жауапкершілікті күшейту болып табылады. Сондай-ақ қаржы пирамидасына азаматтарды тартуға әкеп соғатын ақпаратты таратып, жарнамалағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеу болып отыр. Осы ретте заң жобалары Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасын қабылдау еліміздегі қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың құрылуының алдын алып, азаматтардың құқықтық қорғалуын толыққанды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ететін болады.

Комитеттің кеңейтілген отырысында заң жобасы қызу талқыланып, ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды күшейту және қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобаларын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды күшейту және қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қаржы пирамидалары салдары ауыр, өзекті проблемалардың бірі. Сондықтан қаржы алаяқтығымен күресте қазіргі заманғы сын-қатерлерді ескере отырып, қолданыстағы заңнаманы жетілдірудің маңызы зор. Сол себепті қабылданған заңдарда қаржы пирамидаларының жарнамасын қылмыс деп тану және оларды құрып, басқарғаны үшін жауапкершілікті күшейту көзделген.

Бұл заңдар азаматтарды заңсыз қаржы және инвестиция жобаларына тартудан қорғауды күшейтеді. Сондай-ақ жаңа нормалар қаржы пирамидаларынан зардап шеккен азаматтар арасындағы әлеуметтік шиеленісті төмендетуге септігін тигізеді деп сенеміз.

Заңдарға бастамашы болған депутаттарға рақмет айтамыз.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Заң жобасы бойынша сөз сенатор Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Құрметті депутаттар! Проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам стимулирования инноваций, развития цифровизации, информационной безопасности и образования» направлен на цифровую трансформацию государственного управления, обеспечение равнозначности и расширение сферы применения электронных документов.

Законопроектом предусмотрены следующие положения:

внедрение единой архитектуры цифровых платформ;

дальнейшая цифровизация функций государственных органов в государственном управлении;

улучшение сервиса цифровых документов;

совершенствование управления данными;

перевод в электронный формат свидетельств в сфере государственной регистрации актов гражданского состояния;

повышение доступа сельского населения к государственным услугам посредством создания цифровых точек;

усиление информационной безопасности;

автоматизация процесса отбора кандидатов в присяжные заседатели и другие положения.

Реализация законопроекта позволит обеспечить доступность государственных услуг, повысить удовлетворенность населения цифровым сервисом и услугами государства, усилить защищенность объектов информатизации.

С учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству, руководствуясь пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан, рекомендует принять рассматриваемый закон. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сағындық Есенғалиұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде инновациялық цифрлық технологияларды қолдану аясын кеңейту үшін заңнамалық жағдай жасауға бағытталған. Сонымен қатар заң аясында ауылдарда байланыс сапасын жақсарту және мемлекеттік қызметтерді алу кезіндегі азаматтар мен бизнестің шығындарын төмендету көзделіп отыр. Сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге арналған құқықтық нормалар қарастырылған. Бұл заң цифрландыру және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды.

Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу. Пожалуйста.

ВОЛКОВ В.В. Спасибо.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев уделяет особое внимание оказанию юридических услуг для защиты конституционных прав и свобод граждан.

Законом Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» предусмотрена автоматизация адвокатской деятельности и деятельности юридических консультантов через единую информационную систему юридической помощи.

В июне текущего года Главой государства подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования законодательства в сферах интеллектуальной собственности и оказания гарантированной государством юридической помощи», которым предусмотрено расширение круга граждан, имеющих право на получение гарантированной государством юридической помощи и допуск юридических консультантов к ее оказанию.

В этой связи из республиканского бюджета выделены средства на увеличение объема гарантированной юридической помощи. В данном контексте беспокойство вызывают механизмы контроля за целевым освоением бюджетных средств, выделенных на юридическую помощь.

На наш взгляд, фокус данной работы должен быть нацелен на обеспечение прозрачности и эффективности освоения бюджетных средств.

В настоящее время функционирует единая информационная система юридической помощи «Е-Заң көмегі», которая позволяет обеспечить доступ граждан к квалифицированной юридической помощи в онлайн-режиме, в том числе через автоматизацию бизнес-процессов деятельности адвокатов и юридических консультантов.

Реализованный пилотный проект по автоматизации процессов назначения адвоката в качестве защитника, расчета и оплаты юридической помощи в уголовном судопроизводстве показал свою эффективность и прозрачность освоения бюджетных средств.

На сегодняшний день информационная система «Е-Заң көмегі» функционирует в республиканском масштабе, в качестве ее пользователей зарегистрированы 2947 адвокатов и 1058 юридических консультантов.

Вместе с тем отмечаем, что информационная система «Е - Заң көмегі» требует доработки. Так, на сегодняшний день функционал назначения и оплаты в административном и гражданском процессах, а также при правовом консультировании не реализован.

Кроме того, не завершены запланированные работы по интеграции с другими информационными системами, отсутствуют версия на государственном языке, реестр адвокатов, формирование отчетности в автоматическом режиме, должный формат на логический контроль и так далее.

Учитывая опыт использования информационной системы в уголовном судопроизводстве, видится стратегически важным нарастить ее потенциал также в гражданском и административном судопроизводстве.

На основании изложенного, принимая во внимание актуальность поднимаемого вопроса, политику цифровизации в стране, уважаемый Алихан Асханулы, просим проработать вопросы интеграции «Е-Заң көмегі» с информационными системами ряда государственных органов, в частности, с информационной системой «Төрелік» по гражданским делам, единый реестр административных правонарушений по административным делам.

Просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

Полный текст депутатского запроса прилагается». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер! Бүгін біз Палатаның екінші сессиясындағы жұмысын аяқтап, қорытынды отырысымызды өткіздік. Бұл парламенттік маусымда біз маңызы зор тарихи өзгерістер мен іргелі істердің куәсі болдық.

Сессия барысында тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын бүкіл ел болып атап өттік. Сондай-ақ жыл басында бұрын-соңды болмаған жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келдік. Қасіретті қаңтар оқиғасы, әлемдік геосаяси ахуал мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа тәсілдер мен шешімдерді талап етті. Осыған орай Мемлекет басшысы кешенді реформалар топтамасын жариялады. Сол арқылы заң шығару қызметінің де басым бағыттарын белгілеп берді. Нәтижесінде түбегейлі саяси өзгерістер қолға алынып, конституциялық реформа жүргізілді.

Республикалық референдум кезінде халықтың басым бөлігі Ата заңға ұсынылған түзетулерге және Президенттің бастамаларына қолдау білдіргені белгілі. Осылайша әділетті жаңа Қазақстан құрудың берік негізі қаланды. Шын мәнінде еліміз әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Конституцияға енгізілген түзетулерге сәйкес Парламенттің мәртебесі артты. Азаматтардың құқығын қорғау тәсілдері жетіліп, халықтың ел басқару ісіне қатысу мүмкіндігі кеңейді.

Бұл өзгерістер жаңарудың басы ғана. Саяси жүйемізді реформалау одан әрі жалғаса беретіні сөзсіз. Ол туралы Президент анық айтқан болатын. Осы бағытта Парламент бірқатар жаңа заң қабылдап, қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізуге тиіс. Жаңа сессияда осы жұмысты белсенді түрде жүргіземіз.

Құрметті әріптестер! Жалпы, Парламент екінші сессияда Үкіметпен бірлесе отырып 78 заң қабылдады. Олар Президенттің тапсырмаларын, ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға арналды. Заң шығару ісінде адам құқығын қорғау, азаматтарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету мәселесіне баса мән берілді. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруді, экономикамызды одан әрі дамытуды және еліміздің қауіпсіздігін күшейтуді көздейтін заңдар қабылданды.

Сессия барысында азаматтардың әл-ауқатын арттыруға арналған кешенді іс-шаралар мен қоғамдық-саяси бастамаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге баса мән берілді. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жоюға, ерекше қажеттілігі бар азаматтарды жан-жақты қолдауға арналған нормалар да қабылданды.

Осыған орай сенаторлар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатымен заңға бастамашылдық ету құқығын кеңінен пайдаланды. Бірінші сессияда Сенат депутаттары 7 заңға бастамашы болса, бұл сессияда 18 заң жобасы бойынша бастамашылдық жасады. Алдағы уақытта да осы қарқынды сақтаймыз деп сенемін.

Құрметті сенаторлар! Сессия барысында заң шығарушылықпен қатар Палата қызметінің өзге де бағыттары бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Нақты айтқанда, 2 парламенттік тыңдау және 4 үкімет сағатын өткіздік. Онда ауыл шаруашылығын дамыту, жастар саясаты, бюджетаралық қатынасты жетілдіру, сыртқы және ішкі сауда, өндірістік қауіпсіздік, өңірлерді газдандыру сияқты өзекті мәселелер көтерілді.

Сенатта отызға жуық дөңгелек үстел өтті.

Тұрақты комитеттер аймақтарда оннан астам көшпелі отырыс ұйымдастырды. Әріптестеріміз өңірлерде, оның ішінде шалғай ауылдарда жергілікті тұрғындармен бес жүзден астам кездесу өткізді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында заңдарды әзірлеуге және талқылауға азаматтар мен мемлекеттік емес ұйым өкілдері тұрақты қатысып келеді. Бұл ретте Сенат жанынан құрылған Жас сарапшылар клубының жұмысын атап өткен жөн.

Осы сессияда Сенаторлар кеңесі мен Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес, құрамы жаңарған «Өңір» депутаттық тобы да өз жұмысын жандандырды. Осындай алаңдардың арқасында Сенат пен қоғамның түрлі топ өкілдері арасында тұрақты диалог орнады. Көтерілген мәселелер бойынша орталық атқарушы органдарға тиісті тапсырмалар жүктеліп, бірқатары депутаттық бақылауға алынды.

Сессия барысында әріптестеріміз 140-қа жуық депутаттық сауал жолдады. Сол арқылы елді алаңдатқан мәселелерге мемлекеттік органдардың назарын аударып, олардың оң шешімін табуға тікелей атсалыстық.

Еліміздің сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуде парламенттік дипломатияның алар орны ерекше. Бұл бағытта да атқарылған жұмыс аз емес. Сессия барысында Қазақстанға арнайы келген шет мемлекеттердің парламенттік делегацияларымен, елшілермен және халықаралық ұйымдардың өкілдерімен нәтижелі кездесулер өткіздік. Сондай-ақ сәуірде Арал қаласында Қазақстан Парламенті Сенаты мен Өзбекстан Олий Мажлисінің Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Онда екі елдің депутаттары Арал мәселелерін жан-жақты талқылап, оларды шешу жолдарын ұсынды.

Құрметті депутаттар! Сессияның жұмысы аяқталғанымен депутаттардың қызметі жалғаса береді. Алдағы уақытта сіздер өңірлерге барып, халықпен кездесесіздер. Азаматтарға қабылданған заңдардың және Президенттің кешенді реформаларының мәні мен мақсатын жан-жақты жеткізу аса маңызды.

Сонымен қатар заң жобалары бойынша жұмыс жаз бойы жалғасады. Себебі жаңа сессияда қолға алынған реформаларды іске асыру үшін бірқатар заңды қысқа мерзімде қабылдауымыз қажет. Сондай-ақ алдымыздағы қыркүйек айында Палатаның тікелей қатысуымен ұйымдастырылатын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өтетіні белгілі. Жаз айларында съезге дайындық жұмыстарын белсенді түрде жалғастырамыз.

Жаңа сессиядан бастап өңірлермен жұмыс істеуге басымдық беретін боламыз. Конституциялық реформа аясында Сенаттың рөлі айқындалып, біздің Палата өңірлердің мүддесін қорғайтын негізгі институтқа айналды. Жалпы, ауылдық жерлерді өркендету, облыстардың инфрақұрылымын дамыту, өңірлерде жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік нысандар салу Сенаттың жұмысындағы негізгі басымдық болатынын атап өткім келеді. Сондықтан алдағы айларда осы бағытқа қатысты да ұсыныстар дайындауымыз керек.

Өздеріңіз көріп отырғандай, алдымызда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Осы жолда жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Құрметті әріптестер! Баршаңызға сессия кезінде атқарған қызметтеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Әрі қарай да елімізді өркендету мақсатымен бәріміз бірге нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін.

Сенат жұмысын тиісті деңгейде қамтамасыз етіп жүрген Аппарат қызметкерлеріне де ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін, журналистерді бүгінгі кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, Сенаттың жұмысы туралы халыққа жан-жақты ақпарат беріп жүргендері үшін рақмет айтамыз.

Баршаңызға амандық, жұмыстарыңызға толайым табыс тілеймін.

Құрметті сенаторлар! Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 28 маусым

Күн тәртібі бойынша	
О повестке дня	1
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау туралы	
Об избрании на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан	
Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы	
Д.А. ШИПШТІҢ баяндамасы	
Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан	
ШИППА Д.А.	1
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В.	2
Сөз сөйлеген:	
Выступила:	
МӘУКЕН Е. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан	3
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Сенат тағайындаған мүшесінің өкілеттігін тоқтату және оны лауазымнан босату туралы	
О прекращении полномочий и освобождении от должности назначенного Сенатом члена Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета	
Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы С.Ө. ТРҰМОВТЫҢ баяндамасы	
Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету ТРУМОВА С.У.	3
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)	

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма, а также государственного ценового регулирования», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по финансам и бюджету МАКЕЖАНОВА С.А.4

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕРШОВ С.М.6

САДЫРБЕКОВ Ғ.А. – Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, первый заместитель Председателя Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу6

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С.7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ШЕЛПЕКОВ Б.А.8

ТРУМОВ С.Ө.9

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И.10

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРАЛИЕВ Ә.Т.11

СӘДЕНОВ Е.С. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан12

ЕЛЕМЕСОВ Ж.Ф. – Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары, заместитель Председателя Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу12

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.Қ.13

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САФИНОВ Қ.Б.14

ВОЛКОВ В.В.15

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам стимулирования инноваций, развития цифровизации, информационной безопасности и образования», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Б. МУСИННІҢ баяндамасы

Доклад Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан МУСИНА Б.Б.15

Сөз сөйлеген:

Выступила:

НӨКЕТАЕВА Д.Ж.18

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Е. ЛҰҚПАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ЛУКПАНОВА С.Е.19

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

СҰЛТАНОВ Е.Х.21

ӘДІЛБЕКОВ Д.З.21

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма, а также государственного ценового регулирования» (второе чтение)

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С.22

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид» (второе чтение)

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.Қ.23

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам стимулирования инноваций, развития цифровизации, информационной безопасности и образования» (второе чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Е. ЛУҚПАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ЛУКПАНОВА С.Е.25

Депутат В.В. ВОЛКОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ВОЛКОВА В.В. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.26

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



А. Құсайынов



И. Шыныбаева